

Қазақстан Республикасы теңізшісінің паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 1134 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 14 шілдедегі № 797 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.07.14 № 797 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы теңізшісінің паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесі бекітілсін.

2. "Теңізші паспорты туралы ережені бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 1 қыркүйектегі N 977 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 37, 401-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ыл ғы 1 8 қ а р а ш а д а ғы

N 1 1 3 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы теңізшісінің паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы теңізшісінің паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы теңізшісінің паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою тәртібін реттейді.

2. Теңізші паспортын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі болып табылатын порттың теңіз әкімшілігі (бұдан әрі - тіркеуші орган) ресімдейді және береді.

3. Теңізші паспорты Қазақстан Республикасының мынадай азаматтарына беріледі:

- 1) шетелге жүзетін қазақстандық кемелерде жұмыс істейтін;
- 2) шетел туын көтеріп жүзетін кемелерде жұмыс істейтін;
- 3) кеме экипажы құрамына енгізілген оқу орындарының курсанттарына (оқушыларына) кеме келген және кеткен кезде экипаж саны мен құрамы туралы мәліметтерді қамтитын кеме құжатындағы (бұдан әрі - кеме ролі) жазбамен расталады.

2. Теңізші паспортын ресімдеу және беру

4. Теңізші паспортын ресімдеу және беру үшін құжаттарды мыналар ұсынады:

- 1) Қазақстан туын көтеріп жүзетін кемелерді өз атынан пайдаланатын және олардың кеме иелері болып табылатындығына немесе оларды өзге де заңды негізде пайдаланатынына қарамастан, кемеің капитаны мен экипажын тағайындауға құқығы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген қазақстандық кеме иеленушілер;
- 2) шетелдік кеме иесі;
- 3) теңізші болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары.

5. Теңізші паспортын ресімдеу үшін қазақстандық және шетелдік кеме иелері, сондай-ақ теңізші болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары тіркеуші органға мынадай құжаттарды ұсынады:

осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңізші паспортын ресімдеуге арналған сауалнама-өтініш;

теңізші паспортын ресімдеуге арналған сауалнама-өтінішті берген күнге паспорты ресімделіп жатқан Қазақстан Республикасының азаматы әскери қызметке шақырылмағанын растайтын тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі органдардың анықтамасы немесе әскерге шақыру бойынша әскери қызметті өткергендігі туралы белгісі бар әскери билет;

теңізшілердің кәсіптік даярлығының деңгейі мен денсаулығы жағдайының теңіз кемелері экипажының мүшелері үшін заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын теңіз дипломдары мен куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмелері;

қазақстандық кеме иесінің осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңізші паспортын беруге арналған ұсынысы;

теңізші паспортының иесі мен шетелдік кеме иесінің арасындағы жеке еңбек шартымен бірге осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік кеме иесінің ұсынысы.

6. Теңізші паспортын ресімдеуге арналған сауалнама-өтініш машинкада басылған түрде немесе баспа әріптерімен қолмен толтырылған үш данада ұсынылады.

7. Теңізші паспортын ресімдеу үшін құжаттар азаматтың жеке басын куәландыратын құжат ұсынылған кезде қабылданады.

8. Кеме иесі шетел туын көтеріп жүзетін кемеде жұмыс істеу үшін іссапарға жіберілетін тұлғаға теңізші паспортын ресімдеу үшін оны іссапарға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесі қосымша ұсынылады.

9. Теңізші болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматының өтініші бойынша теңізші паспортын ресімдеу үшін - осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңізші паспортын беру туралы өтініш, шетел кемесінде жұмыс істеген жағдайда жеке еңбек шарты ұсынылады.

10. Теңіз оқу орындарының кәмелеттік жасқа толмаған курсанттарына (оқушыларына) теңізші паспортын ресімдеу олардың Қазақстан Республикасынан шығуына ата-аналарының (асырап алушыларының, қорғаншылары мен камқоршыларының) нотариалды куәландырылған келісімі болғанда жүргізіледі.

16 жасқа толмаған курсанттарға (оқушыларға) теңізші паспортын ресімдеу тууы туралы куәлігін ұсынған кезде жүргізіледі.

11. Теңізші паспортын ресімдеу мерзімі оны ресімдеу үшін тіркеуші орган тиісті құжаттарды қабылдаған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

12. Теңізші паспортын ресімдеу осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған үй - ж а й д а ж ү р г і з і л е д і .

Теңізші паспортын түзетулермен немесе бояумен беруге тыйым салынады. Тіркеуші органдар ұсынылған құжаттардың дұрыстығына күмәнданған кезде қосымша тексерулер жүргізуі мүмкін, олар 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

13. Теңізші паспорты иесіне осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңізші паспорттарын беру журналына қол қойғызып тапсырылады.

14. Теңізші паспорты бес жылға дейінгі мерзімге беріледі. Оның қолданылуы бір рет үш жылға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін, ол өткеннен кейін паспорт ауыстыруға жатады.

15. Паспорттың қолданылу мерзімін ұзартуды тіркеуші орган осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеме иесінің ұсынысы немесе осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша паспорт иесінің жазбаша өтініші негізінде ж ү р г і з е д і .

Паспорттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы жазба лауазымды тұлғаның қолымен және тіркеуші органның елтаңбалық мөрімен куәландырылады.

16. Теңізші паспортының қолданылу мерзімін ұзарту үшін паспорт иесі осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес сауалнама-өтініш береді, ол теңізші паспортын ұзартуды келісу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарына жіберіледі.

Теңізші паспорты иесінің Қазақстан Республикасынан шығу құқығын уақытша шектеу үшін заңды негіздеме анықталған жағдайда теңізші паспортының қолданылу мерзімін ұзарту жүргізілмейді.

Қазақстан Республикасынан шығу құқығын шектеудің болуы мен мерзімі туралы ақпарат осы Ережеге 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтауға қабылданған теңізші паспорттарын есепке алу журналына және осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңізші паспорттарын беру келісімдерін есепке алу журналына енгізіледі.

17. Қызметі шет елдерге жүзетін кемелермен шығуға арналған кезеңдік (жоспардан тыс, кенеттен болатын) іссапарларға байланысты қазақстандық кеме иеленуші және кеме жөндеу ұйымдарының қызметкерлеріне теңізші паспортын қолда сақтауға рұқсат берілуі мүмкін.

18. Теңізші паспортын оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін ауыстыруды оның иесінің жазбаша өтініші (ауыстыру себебі көрсетіліп, еркін нысанда жасалады) бойынша осы паспортты берген тіркеуші орган жүргізеді, оған осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңізші паспортын беру туралы өтініш қоса беріледі.

19. Жекелеген жағдайларда, кемеде жұмыс істейтін теңізші объективті себептермен пайдалануға жарамсыз немесе жоғалған паспорттың орнына осы паспортты берген тіркеуші органда теңізші паспортын ресімдеуге мүмкіндігі болмаса, ол оны басқа жақын жердегі тіркеуші органда ресімдейді.

Бұл үшін теңізші өтініш жасаған тіркеуші орган теңізші паспортының жоғалғандығы туралы осы паспортты берген-тіркеуші органға осы адамға теңізші паспортының берілгендігін растау және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарымен паспорт беруді келісу нөмірлерін хабарлау өтінішімен ақпарат береді. Жаңа теңізші паспортын беру сұрау салынған ақпаратты алғаннан және растағаннан кейін жүргізіледі.

20. Жаңа теңізші паспортын ресімдеуді тіркеуші орган бұрын берілген паспортты алып қойғаннан не бұрын берілген паспортты оның жоғалуы салдарынан жарамсыз деп бұқаралық ақпарат құралдарында жариялағаннан кейін жүзеге асырады.

3. Теңізші паспортын беруді ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарымен келісу

21. Қазақстан Республикасы азаматының Қазақстан Республикасынан шығу құқығын уақытша шектеу үшін негіздемелердің болмауын анықтау мақсатында тіркеуші орган Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарымен теңізші паспортын беруді, оның мерзімін ұзартуды немесе айырбастауды келісуді жүргізеді.

22. Теңізші паспортын беруді келісуді Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдары төменде көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап он бес күн ішінде жүргізеді.

Осы мақсатта тіркеуші орган көрсетілген органдарға осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңізші паспортын ресімдеуге арналған сауалнама-өтініштің тіркелген данасын бір-бірден жібереді.

23. Қазақстан Республикасы азаматының Қазақстан Республикасынан шығу құқығын уақытша шектеу үшін негіздемелер болмаған кезде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдары келісу туралы белгісі бар сауалнама-өтінішті немесе оған уәкілетті басшылардың бірі қол қойған теңізші паспортын берудің келісілгені туралы жазбаша хабарламаны тіркеуші органға жібереді.

24. Оған қатысты теңізші паспортын беруді келісу жүргізіліп жатқан адамда заңнамалық кесімдерде көзделген оның Қазақстан Республикасынан шығу құқығын уақытша шектеу үшін негіздеме анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдары тіркеуші органға шектеу үшін негіздемені, шектеу мерзімін, шектеу туралы шешімнің күнін және тіркеу нөмірін көрсетіп, жазбаша хабарлама жібереді.

Бұл жағдайда теңізші паспортын ресімдеуге арналған сауалнама-өтініш тіркеуші органға қайтарылмайды.

25. Келісуге жіберілетін сауалнама-өтініштерді тіркеу осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңізші паспорттарын беруді келісулерді есепке алу журналында жүргізіледі. Осы журналға келісу нәтижелері жазылады.

4. Теңізші паспортына паспорт иесінің кемедегі қызмет жағдайы туралы жазба енгізу және кеме ролін ресімдеу тәртібі

26. Теңізші паспортының иесіне, ол кеме роліне енгізілген кемемен Қазақстан Республикасынан шығуға және Қазақстан Республикасына кіруге, сондай-ақ шетелде орналасқан кемеге бару кезінде Қазақстан Республикасынан шығуға және осындай кемеден жеке тәртіппен немесе топ құрамында көліктің кез келген

түрімен тиісті үлгіде ресімделген кеме ролі (кеме ролінен үзінді көшірмелер) болған кезде Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат етіледі.

27. Шетелге жүзетін кемедегі теңізші паспорты иесінің қызметтік жағдайы туралы теңізші паспортына жазбаны осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақстандық кеме иелерінің ұсынуы бойынша тіркеуші орган жүргізеді.

Рейс кезеңінде (кеме теңізде, шетел портында немесе порт капитаны жоқ портта, порт-пунктте болған кезде) шетелге жүзетін кемедегі теңізші паспорты иесінің қызметтік жағдай туралы теңізші паспортына жазбаны кеме иесінің жазбаша өкімі болған кезде кеме капитаны жасайды. Кеме қазақстан портына кіретін кезде осы жазба порт капитанының қолымен және мөрімен расталады.

28. Тіркеуші орган шетел туын көтеріп жүзетін кемелерде жұмыс істеу үшін жалданған Қазақстан Республикасы азаматтарының теңізші паспорттарына осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдік кеме иелерінің ұсыныстары бойынша немесе осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушілерді өз бетінше тапқан азаматтардың жазбаша өтініштері бойынша, олар шетелдік кеме иелерімен еңбек шарттарын (келісім-шарттарды) ұсынған кезде жазба жүргізеді.

29. Кеме ролін (кеме ролінен үзінді көшірмені) мыналар куәландырады:
қазақстандық кеме шетелдік рейске шыққан кезде - осы кеме иелігіне жататын қазақстандық кеме иесі немесе кеме шығатын порттың порт капитаны;
кеме роліне енгізілген шетелде орналасқан кемеге бару үшін теңізшілердің Қазақстан Республикасынан жеке тәртіппен немесе топ құрамында шығуы үшін -
тіркеуші орган;

теңізшілердің Қазақстан Республикасына кіруі үшін - олар экипаж мүшелері болған кеме капитаны.

30. Қазақстан Республикасының азаматын шетел туын көтеріп жүзетін кемеде жұмыс істеу үшін іссапарға жіберуші қазақстандық кеме иесі осы адамның кемедегі қызметтік жағдайы туралы жазбаны теңізші паспортына енгізу және кеме ролінен көшірмені ресімдеу үшін тіркеуші органға оны іссапарға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынады.

31. Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқан кемеге бара жатқан адамның теңізші паспортында ол бара жатқан кемедегі қызметтік жағдайы туралы жазба жасалады. Бұдан басқа, баратын мемлекет талаптарына байланысты теңізші паспортына шығу визасы қойылады немесе осы паспорт иесінің қолында шет мемлекеттің аумағына келу мақсатын растайтын басқа да құжаттар болуы тиіс.

32. Қазақстан Республикасының азаматы экипаж мүшесі болып табылатын шетел туын көтеріп жүзетін кемемен Қазақстан Республикасынан шығуы үшін

теңізші паспортында тіркеуші органда расталған осы кемедегі қызметтік жағдайы туралы жазба жасалады және кеме капитаны қол қойған кеме роліне енгізіледі.

33. Теңізші паспорты бар адамдар келе жатқан көлік түріне қарамастан, Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткен кезде шекаралық бақылау органдары теңізші паспорттарына шекараны кесіп өткен күні және жері туралы белгі жасайды.

34. Теңізші паспортының иесіне теңізші паспорты бойынша паспорттың қолданылу мерзімі шегінде, сондай-ақ теңізші паспортының қолданылу мерзімі аяқталған сәттен бастап Қазақстан Республикасына кіргенге дейінгі кезеңде оның кеме бортында болғанын растайтын кеме ролінен үзінді көшірме болған кезде, оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін бір жыл ішінде Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат етіледі.

Кеме ролінен мұндай үзінді көшірме болмаған кезде қолданылу мерзімі өткен теңізші паспорты бар адам Қазақстан Республикасына кірген кезде Қазақстан Республикасынан тысқары жерде Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ немесе мерзімі өткен құжаттармен Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген жалпыға бірдей негіздерде шекаралық бақылаудан өтеді.

5. Теңізші паспортын сақтауға тапсыру. Сақтауға тапсырылған паспортты алу. Теңізші паспортын алып қою

35. Теңізші паспорты шетелге жүзетін қазақстандық кемелерде немесе шетел туын көтеріп жүзетін кемелерде бүкіл жұмыс кезеңі ішінде оның иесінде болады және мұндай жағдайларда бір ай мерзімде осы паспортты берген тіркеуші органға сақтауға тапсыруға жатады:

паспорт иесі осы Ереженің 2-тармағында көзделген алу үшін негіздемелерді ж о ғ а л т қ а н ;

теңізші паспортының қолданылу мерзімі өткеннен кейін;
теңізші қайтыс болғанда.

36. Шетелге жүзетін қазақстандық кемеде қызметтік тапсырманы орындау үшін іссапарға жіберілетін Қазақстан Республикасының азаматына берілген теңізші паспорты іссапардан оралғаннан кейін осы паспортты берген тіркеуші органға тапсырылады және іссапарға екінші рет шыққан кезде беріледі.

37. Теңізші паспортын сақтауға қабылдаған кезде оның иесіне осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама беріледі. Теңізші паспортын сақтау оның қолданылу мерзімі өткенге дейін, бірақ кемінде екі жылда жүзеге асырылады.

38. Теңізші паспортының иесі объективтік себептермен паспортты оны берген тіркеуші органға тапсыру мүмкіндігі болмаған жекелеген жағдайларда теңізші паспорты басқа жақын жердегі тіркеуші органға тапсырылуы мүмкін, бұл туралы соңғысы бір аптадан аспайтын мерзімде осы паспортты берген тіркеуші органға хабарлайды.

39. Теңізші паспорттын берген тіркеуші орган паспорт иесі оны алу үшін негіздемелерді жоғалтқан жағдайда, жоғарыда көрсетілген негіздемелерді жоғалтқан күннен бастап бір ай өткеннен кейін, егер ол сақтауға тапсырылмаса және паспорт иесінің қазақстандық немесе шетелдік кеме иесінің кемесінде жұмыс істегені туралы құжаттамалық растауы болмаса, теңізші паспорттын алып қояды немесе бұқаралық ақпарат құралдарында оны жарамсыз деп жариялайды.

40. Паспортты алу үшін негіздемелерді жоғалтуына байланысты оны сақтауға тапсырған теңізші паспортының иесі оны алу үшін негіздемелер жаңадан пайда болған кезде өз паспорттын алады.

41. Сақтаудағы теңізші паспорттын алу үшін оның иесі осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

42. Әскери қызметке шақырылуына байланысты паспорттын сақтауға тапсырған адамға теңізші паспорттын беру Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарымен теңізші паспорттын беруді қосымша келіскеннен кейін жүргізіледі.

43. Теңізші паспорттын алып қойған тіркеуші орган осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама береді.

Алып қойылған теңізші паспорты оны берген тіркеуші органға сақтауға жіберіледі және оның қолданылу мерзімі өткенге дейін сақталады.

6. Теңізші паспорттын жоғалтқан жағдайдағы іс-әрекет

44. Теңізші паспорттын Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жоғалтқан жағдайда оның иесі жеке өзі немесе кеме роліне енгізілген кеме капитаны арқылы жоғалу туралы кеме иесіне хабарлайды және Қазақстан Республикасының жақын жердегі шет елдегі мекемесіне паспортты жоғалтқан адамға Қазақстан Республикасына қайтуға куәлік беру туралы өтініш жасайды.

45. Теңізші паспорттын Қазақстан Республикасында жоғалтқан жағдайда, паспортты жоғалтқан адам паспортты жоғалту мән-жайлары көрсетілген жазбаша өтінішпен тіркеуші органға өтініш жасайды.

46. Әрбір жоғалған теңізші паспорты туралы қазақстандық немесе шетелдік кеме иесі телеграфтық немесе факсимильдік байланыс құралдарын пайдалана отырып, паспорт иесінің тегін, атын, әкесінің атын, теңізші паспортының сериясы мен нөмірін, оның қолданылу мерзімін және жоғалтқан жерін көрсетіп,

теңізші паспорттын берген тіркеуші органға, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, порттың шекаралық бақылау органына хабарлайды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жоғалған паспортты жарамсыз деп тану туралы хабарлама орналастырады.

47. Паспорт иесі теңізші паспорттын қазақстандық кеме иесімен еңбек қатынастарында болмаған немесе шетелдік кеме иесімен еңбек шартын (келісім-шартты) өз бетінше жасасқан кезеңде жоғалтқан жағдайда жоғалған теңізші паспорттын жарамсыз деп жариялау жөніндегі іс-әрекетті осы теңізші паспорттын берген тіркеуші орган жүзеге асырады.

7. Теңізші паспорттарын есепке алу және сақтау

48. Теңізші паспорттары және олардың бланкілері, олардың негізінде теңізші паспорттары берілген және олардың қолданылу мерзімі ұзартылған құжаттар, сондай-ақ теңізші паспорттары бланкілерінің қозғалысын бейнелейтін құжаттар қатаң есептік құжаттары ретінде есепке алуға және сақтауға жатады.

49. Тіркеуші орган мыналарды есепке алуды жүзеге асырады:
осы Ережеге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңізші паспорттарының таза бланкілерінің кірісі мен шығысын;
осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген және берілген теңізші паспорттарын;

осы Ережеге 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоғалған теңізші паспорттарын;

осы Ережеге 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтауға қабылданған теңізші паспорттарын.

50. Теңізші паспорттары мөрленетін сейфтерде, басқа құжаттардан бөлек, мынадай тәртіппен сақталады:

таза бланкілер - нөмірлердің реті бойынша;
сақтауға тапсырылған теңізші паспорттары иелерінің тегі бойынша әліпбилік тәртіппен;

жоюға жататындар - жоюға келіп түсу тәртібімен.

51. Теңізші паспорттары мен оларды беру туралы құжаттары бар сейфтер орналасқан үй-жай басқа үй-жайлардан оқшауландырылады, сенімді түрде жабылады және жұмыс күні аяқталған соң күзетуге тапсырылады.

Сейфтер мен үй-жайлардың кілттері жұмыс күні аяқталған соң сақтауға тапсырылады.

52. Қолданылу мерзімі өткен теңізші паспорттарын, олардың иелері жою үшін тапсырған паспорттарды, сондай-ақ бүлінген паспорттарды жоюды тіркеуші органның басшысы құрған комиссия жүзеге асырады.

53. Теңізші паспорттарын жою туралы акт осы Ережеге 14-қосымшаға сәйкес жасалады, онда жойылған паспорттардың сериялары мен нөмірлері және осы паспорттарды берген тіркеуші органның атауы көрсетіледі. Актіге комиссия мүшелері қол қояды және теңізші паспорттарын жоятын тіркеуші органның б а с ш ы с ы б е к і т е д і .

Теңізші паспорттарының жойылуы туралы теңізші паспорттарын беру немесе теңізші паспорттары бланктерінің кірісі мен шығысын есепке алу журналына б е л г і ж а с а л а д ы .

Басқа тіркеуші органдар берген теңізші паспорттары жойылғаннан кейін осы тіркеуші органдарға паспорттарды жою актісінен үзінді көшірмелер жіберіледі.

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

1-қосымша

(Сауалнама-өтінішті келісуге жіберетін ұйымның атауы мен мекен-жайы)

| С у р е т к е |
| а р н а л ғ а н о р ы н |
| (с у р е т м ө р м е н |
| к у ә л а н д ы р ы л а д ы) |

N _____

ТЕҢІЗШІ ПАСПОРТЫН РЕСІМДЕУГЕ АРНАЛҒАН САУАЛНАМА-ӨТІНІШ

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____

_____ (егер тегі, аты, әкесінің аты өзгертілген болса, оларды, қашан және қайда өзгергендігін көрсетіңіз)

2. Туған күні, айы, жылы _____ 3. Жынысы _____

4. Туған жері _____

(республика, облыс, аудан, елді мекен)

5. Тұрғылықты тіркелген жері _____

(республика, облыс, аудан, көше, үй, пәтер, телефон)

6. Азаматтығы _____

7. Ұлты _____

8. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын негізгі құжат (паспорт):

сериясы _____ нөмірі _____ жылғы " ____ " _____
_____ берді
(кім берген)

9. Паспортты алу - алғаш рет, пайдаланғанның, бүлінгеннің, жоғалғанның орнына (қажеттісінің астын сызу керек).

10. Теңізші паспортының қолданылу мерзімін ұзарту
сериясы _____ нөмірі _____ жылғы " ____ " _____
_____ берген.
(теңізші паспортын берген органды көрсету керек)
_____ сақтауда жатыр.

(теңізші паспорты сақталатын жерді көрсету керек)

11. Жұмыс істеген (оқыған, қызмет) кезеңде Сізде мемлекеттік құпияларға рұқсатыңыз болды ма?

_____ (егер бар болса, онда қай ұйымда, қай жылы, қандай рұқсат нысаны б о й ы н ш а)

Сізде шетелге шығуға кедергі келтіретін шарттық, келісім-шарттық міндеттемелеріңіз бар ма?

_____ (егер, бар болса, онда қандай ұйыммен және қай жылы ресімделді, қандай мерзімге)

12. Сіз әскери қызметке шақырылмайсыз ба?

_____ (18-ден 27 жасқа дейінгі еркектер үшін)

13. Сіз қылмыс жасағаныңыз үшін сотталған не айыпкер ретінде т а р т ы л ғ а н ж о қ с ы з б а ?

14. Сіз сот салған міндеттемелерді орындаудан жалтарған жоқсыз ба?

15. Еңбек қызметі туралы еңбек кітапшасынан үзінді көшірме (оқу орындарындағы оқуды және әскери қызметті қоса алғанда)

айы мен жылы		лауазымы және жұмыс орны, қысқартусыз, әскери бөлімдердің нөмірлері, әскер түрі	кәсіпорын, ұйым, әскери бөлім орналасқан жер (мекен-жайы)
қабылданды	босатылды		

Сауалнама-өтініште көрсетілген мәліметтер Қазақстан Республикасының аумағындағы қазақстан Республикасы азаматының жеке

басын куәландыратын негізгі құжатпен, әскери билетімен және еңбек кітапшасымен салыстырылып тексерілді.

_____ ж. " ____ " _____

_____ (ұйым немесе кадр аппараты
басшысының қолы, тегі, телефоны)

16. Қазақстан Республикасының паспорты бар, сериясы _____
нөмірі _____ ж. " ____ " _____ берді.
(кім берген)

Маған сауалнама-өтініште жалған мәліметтерді хабарлау немесе жасанды құжаттарды ұсыну Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкелетіндігі туралы ескертілді.

_____ ж. " ____ " _____
(өтініш иесінің қолы)

Құжаттар қабылданған күн: _____ ж. " ____ " _____
тіркеу нөмірі _____

Сауалнама-өтінішті _____ қабылдаған
лауазымды тұлғаның қолы, тегі _____

Теңізші паспорты ресімделді, сериясы _____ нөмірі _____
ресімделген күні _____ ж. " ____ " _____

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

2-қосымша

Кеме иесінің теңізші паспортын беруге арналған N ҰСЫНЫСЫ

_____ (теңізші паспортын беруге құқығы бар органның басшысына)

_____ (кеменің атауы, кеме иесі)
_____ қызметіне тағайындалған

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (туған күні мен жері)

бойы _____, көзінің түсі _____, айрықша белгілері _____
_____ жыл (ай) мерзімге теңізші паспортын беруіңізді сұраймын.

жұмыс орнының берілетіндігін растайтын құжаттар:

Негіздеме:

N бұйрығы

(ұсынысқа қол қойған тұлғаның қолы)

(қолы, тегі)

М.О.

ж. " " "

ТЕҢІЗШІ ПАСПОРТЫ БЕРІЛДІ

ҚР ҰҚК органымен келісілді

N

ҚР ІІМ органымен келісілді

N

Теңізші паспортының сериясы

N

ж. " " "

(паспортты беру туралы шешім қабылдаған

тұлғаның лауазымы, тегі, қолы)

ж. " " "

Паспорттық топтың белгілері

Теңізші паспорты дейінгі мерзімге берілді.

Паспорт дейін ұзартылды.

Теңізші паспорты N журналда тіркелген реттік N

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

3-қосымша

Теңізші паспортын беру (ауыстыру) туралы ӨТІНІШ

(теңізші паспортын беруге құқығы бар органның басшысына)

жұмыс істейтін

(лауазымы, кемең атауы, кеме иесі, жұмысы болмаса,
себебін көрсету керек)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(туған күні мен жері)

бойы, көзінің түсі, айрықша белгілері

Дайындық деңгейім мен денсаулық жағдайымның қажетті талаптарға
сәйкестігін растау үшін мынадай құжаттарды ұсынамын:

(ұсынылған құжаттарды, олардың нөмірлерін, қашан және кім бергенін санамалаңыз)

_____ ж. " ____ " _____

(қолы, тегі)

ТЕҢІЗШІ ПАСПОРТЫ БЕРІЛДІ

ҚР ҰҚК органымен келісілді _____ N _____

ҚР ІІМ органымен келісілді _____ N _____

Теңізші паспортының сериясы _____ N _____ ж. " ____ " _____

(паспортты беру туралы шешім қабылдаған тұлғаның лауазымы, тегі, қолы)

_____ ж. " ____ " _____

ПАСПОРТТЫҚ ТОПТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Теңізші паспорты _____ дейінгі мерзімге берілді.

Паспорт _____ дейін ұзартылды.

Теңізші паспорты N _____ журналда тіркелді реттік N _____.

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

4-қосымша

Теңізші паспорттарын беруді келісулерді есепке алу ЖУРНАЛЫ

P/c N	Тегі, аты, әкесінің аты	Келісуге жіберілген күн	Келісілген күні және нөмірі		Азаматтық ҚР-дан шығу құқығын уақытша шектеулердің болуы туралы мәліметтер	
			ҚР ҰҚК орган- дарымен	ҚР ІІМ орган- дарымен	шектеу негіздемесі (заң бабы)	шектеудің аяқталған күні
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе: P/c N келісуге жіберілген сауалнама-өтініштің шығыс нөмірі де болып табылады

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

5-қосымша

(м ө р т а ң б а)

шығ. N: _____

Кеме иесінің кемедегі қызметтік жағдайы, теңізші паспортының
қолданылу мерзімін ұзарту туралы жазбаға
ҰСЫНЫСЫ

(теңізші паспортын беруге, кемедегі қызметтік жағдай туралы жазба
жасауға құқығы бар органның басшысына)

жұмыс істейтін
(лауазымы, кеменің атауы, кеме иесі)

(теңізші паспорты иесінің тегі, аты, әкесінің аты)
тиесілі,

(туған күні мен жері)

сериясы ____N____ теңізші паспортына (-тарына) кемедегі қызметтік
жағдайы туралы жазбаны енгізуіңізді, қолданылу мерзімін
ұзартуыңызды (қажетсізін сызып тастау керек) сұраймын.

Паспорт _____ жыл (ай) мерзімге ұзартылсын.
(қызметтік жағдайы туралы жазба жазған кезде сызықша қойылады)

(лауазымы)

(қолы, тегі)

ж. " ____ "

М.О

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

6-қосымша

Кемедегі қызметтік жағдайы туралы жазба,
паспорттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы

ӨТІНІШ

(теңізші паспортын беруге құқығы бар органның басшысына)

(тегі, аты, әкесінің аты)

сериясы ____N____ теңізші паспортына (-тарына) кемедегі қызметтік
жағдайы туралы жазба енгізуіңізді, қолданылу мерзімін ұзартуыңызды
(қажетсізін сызып тастау керек) сұраймын.

Қазіргі уақытта _____

(лауазымы, кеменің атауы, кеме иесі)

жұмыс істеймін.

Шетелге жүзетін қазақстандық кемеде (шетел туын көтеріп жүзетін кемеде) жұмыс істейтіндігімді растайтын құжаттар қоса беріліп отыр:

(қоса беріліп отырған құжаттарды, олардың нөмірлерін, қашан және кім бергенін санамау)

Паспорт _____ жыл (ай) мерзімге ұзартылды.

(қызметтік жағдайы туралы жазба жазған кезде сызықша қойылады)

Менің Қазақстан Республикасынан шығу құқығыма кедергі келтіретін негіздемелер жоқ.

_____ ж. "___" _____

_____ (қолы, тегі, инициалдары)

Паспорттың қолданылу мерзімі _____ дейін ұзартылған

(паспорттың қолданылу мерзімін ұзартқанда толтырылады)

ҚР ҰҚК органымен келісілді _____ N _____

ҚР ІІМ органымен келісілді _____ N _____

(келісу қажет болмаған кезде сызықша қойылады)

(паспорттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған тұлғаның лауазымы, тегі, қолы)

_____ ж. "___" _____

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

7-қосымша

Теңізші паспортын сақтауға қабылдау туралы

АНЫҚТАМА

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (туған күні мен жері)

_____ берген

(теңізші паспортын берген органның атауы)

_____ ж. "___" _____ дейін жарамды

сериясы _____ N _____ теңізші паспорты

_____ сақтауға қабылданғандығы туралы берілді.

(паспортты сақтауға қабылдаған органның атауы)

теңізші паспортын мынадай себеппен сақтауға тапсырды:_____

Сақтаудағы теңізші паспорты қазақстандық немесе шетелдік кеме иесінің кемесіне жұмысқа жалданғандығын растайтын құжаттарды көрсеткен кезде берілуге тиіс.

_____ (лауазымы)

_____ (қолы, тегі)

М.О.

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

8-қосымша

Сақтаудағы теңізші паспортын беру туралы

ӨТІНІШ

_____ (теңізші паспортын беруге құқығы бар органның басшысына)

_____ (лауазымы, кеме атауы, кеме иесі)

_____ жұмыс істейтін

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ (туған күні мен жері)

Сақтауға тапсырылған сериясы_____ N_____ теңізші паспортын беруіңізді
сұраймын.

Сақтауға қабылданғаны туралы анықтама____жылғы "____"____N_____

Менің шетелге жүзетін қазақстандық кемедегі (шетел туын көтеріп
жүзетін кемедегі) _____ (қажетсізін сызып тастау керек) жұмысымды растайтын

құ ж а т т а р қ о с а б е р і л і п о т ы р :

_____ (қоса беріліп отырған құжаттарды санамалау)

Паспорт иесінің теңізші паспорты сақтауда тұрған уақыттағы еңбек қызметі:

айы мен жылы		лауазымы және жұмыс орны қысқартусыз, әскери бөлімдердің нөмірлері, әскер түрі	кәсіпорын, ұйым, әскери бөлім орналасқан жер (мекен-жайы)
қабыл- данды	босатылды		

_____ ж. " ____ " _____

(қолы, тегі, инициалдары)

ПАСПОРТТЫҚ ТОПТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Теңізші паспорты _____ ж. " ____ " _____ берілді

(лауазымы)

(қолы, тегі)

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

9-қосымша

Теңізші паспортын алып қою туралы

АНЫҚТАМА

(тегі, аты, әкесінің аты)

(туған күні мен жері)

_____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ берген
(теңізші паспортын берген органның атауы)

оған тиесілі _____ ж. " ____ " _____ дейін жарамды
сериясы _____ N _____ теңізші паспорты
_____ ж. " ____ " _____

_____ негіздемелері бойынша алынып қойылғандығы туралы берілді.

(лауазымы)

(қолы, тегі)

М.О.

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

10-қосымша

Теңізші паспорттары бланкілерінің кірісі мен шығысын есепке алу

ЖУРНАЛЫ

P/c N	Күні	Негіздеме	Келіп түскені		Жұмсалғаны		Қалғаны		Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

11-қосымша

Теңізші паспорттарын беру

ЖУРНАЛЫ

Р/с N	Те- ңіз- ші пас- пор- ты- ның се- рия- сы мен нө- мірі	Бе- ріл- ген күні	Те - ңізші пас- порты иесі- нің тегі, аты, әке- сінің аты	Лауа- зымы, кеме- нің, кеме иесі- нің атауы	Беру үшін не- гіз- деме	Те - ңізші пас- портын алған- дағы қолхат	Пас- портты жою немесе оны жарам- сыз деп тану туралы акті- нің нөмірі мен күні	Қазақ- стан Рес- публи- касы азама- тының жеке басын куә- ланды- ратын құжат- тың нөмірі және (не- месе) се- риясы	Қа- шан және кім бер- ді	Ес- керт- пе

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

12-қосымша

Жоғалған теңізші паспорттарын есепке алу

ЖУРНАЛЫ

Р/с N	Теңізші паспор- тының сериясы мен нөмірі	Паспорт иесінің тегі, аты, әкесі- нің аты	Кеме иесінің лауазымы, кеменің атауы	Теңізші паспор- тының жоғалған күні, орны және жоғалу мән- жайлары	Жоғал- ғанның орнына паспорт беру туралы шешім, жаңа теңізші паспор- тының сериясы және (немесе) нөмірі	Ескертпе

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

13-қосымша

Сақтауға қабылданған теңізші паспорттарын есепке алу журналы

ЖУРНАЛЫ

P/c N	Күні	Негіздеме	Келіп түскені		Берілгені		Қалғаны		Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қазақстан Республикасы теңізшісінің
паспортын ресімдеу, беру, оның мерзімін
ұзарту, сондай-ақ алып қою ережесіне

14-қосымша

" Б е к і т е м і н "

_____басшысы
(тіркеуші органның атауы)

(қ о л ы)

200__ ж. " __ " _____

Теңізші паспорттын жою туралы

АКТ N _____

200__ ж. " __ " _____

Біз, төменде қол қоюшылар: _____

(комиссия мүшелерінің лауазымы және Т.А.Ә. көрсетіледі)

200__ ж. " __ " _____ бастап 200__ ж. " __ " _____ кезеңінде
жарамсыз теңізші паспорттарын, теңізші паспорттарының бүлінген
бланкілерін жоюға осы актіні жасадық,
оның ішінде:

P/c N	Теңізші паспортының N мен сериясы	Иесінің Т.А.Ә.	Теңізші паспорттын берген тіркеуші органның атауы	Ескертпе
1				
2				

Біздің қатысуымызбен саны ____ дана құжат өртеу (ұсақтау және т.с.с.) жолымен жойылды.

Комиссия мүшелерінің қолдары: (қолы) _____
(тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК